

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Білім» кәсіби гуманитарлық – техникалық колледжі



**Педагог – психологтың кешенді перспективалық
жылдық жұмыс жоспары
2022 – 2023 оқу жылы**

Студенттердің білім сапасы мен тәрбиесін арттырудағы педагог – психологтың рөлі

Психологтар ұстанымы:

1. Қабілетсіз бала болмайды, дамымаған қабілет иесі болады
2. Жақсылық жаса – жамандықты жеңесің
3. Әрбір бала бір жұлдыз. Жарқырауына көмектес! - дей келе, педагог, студент, ата – ана байланысын үзбей шәкірт іс – әрекетін ұйымдастыру. Ұжымда тиімді психологиялық ахуал тудыру. Нәтижеге бағытталған сапалы білімнің берілуіне психологиялық тұрғыдан ықпал ету. Еркін елдің болашағының жарқын болуы тікелей өсіп келе жатқан жас ұрпағымызға байланысты. Аз ғана уақыт болса да, қарыштап дамып, алпауыт мемлекеттермен иық теңестіргеніміз, мемлекетіміздің дамып көркеюі, сәнімен салтанаты жарасқан тәуелсіз мемлекет қалыптасуы біз үшін мақтаныш. Болашаққа бет түзеп, білім айдынында тербеле жүзген жас студенттің әрқайсысының көкейінде бір арман, бір мақсат. Ол күн сайын қарыштапдамып жатқан мемлекетінің кемел келешегінің жаңа заманға сай болуына өз үлестерін қосуы. Қоғамда өзіндік рөлі бар, саналы да, салауаттыазаматтар мен азаматшалар болу. Қай заманда болмасын адамзаттың алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттерді ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын, іскер де еңбекқор тұлға тәрбиелеу. Осыған орай колледж ұжымы тек қана білім берумен шектелмей, студенттерді жан – жақты ақпаратты технологиялардың үздіксіз дамыған түрлерімен қаруландыруды басты назарға алды. Осыны басты назарға ала отырып, білім ордасы «Білім» кәсіби гуманитарлық – техникалық колледжі өскелең жас буынды – ұлтжандылыққа, шығармашылық дәрежені шыңдауға, өнердің өріне шығуға дамыған жаңа технологияларды игеруге тәрбиелейді. Мұндағы басты міндет – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары негізінде қалыптасып, дамуы, ана тілін, ұлттық салт – дәстүрін мақтау, денсаулығын нығайтуды іске асыру болып табылады. Биыл «Білім» кәсіби гуманитарлық – техникалық колледжінің жастарын білім нәрімен сусындатқанына 14 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде білім ошағы сан белесті бағындырды. Жыл сайын білімді де білікті, қоғамда өзіндік орны бар азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеп, өмір қанатын қақтырды. Колледж студенттерін ситуациялық жағдайларды талдау

арқылы саналы шешім қабылдауға үйрету, салауатты өмір сүруге, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, айналасындағы адамдармен жақсы қарым – қатынас жасауға тәрбиелеуде. Қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Ал мұндай мүмкіндіктің негізі – білімде. Сондықтан студенттерді тек маман ретінде ғана карамай, оны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет.

Білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұның қамтамасыз ету, оның ішінде оқу орнындағы психологиялық қызметінің рөлін арттыру міндеті тұр.

Психологиялық қызметтің мақсаты – иәрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен және оқу – тәрбие үрдісінің әлеуметтік жағдайын ғылыми – психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету. Сондай – ақ, білім беру процесінде педагогтар мен студенттердің ұжымдарында психологиялық ахуал орнатуға жағдай жасау. Атап айтқанда , студенттерді оқыта отырып, зерттеу немесе зерттей отырып тәрбиелеу – бұл педагогикалық ізденіс. Оны ескермесе, студентке қойылған талаптар да, берілетін білім де жәй ғана құрғақ сөз күйінде қалып қояды. Жаңа қабылданған студенттерге колледждегі оқу жағдайына бейімделуін зерттеу мақсатында «Неге мен осы оқу орнын қаладым?» тақырыбында сауалнама алынып, ұсыныстар айтылады;

- тәртібінде, мінез – құлқында қиындығы бар балалардың жекелік қасиеттері зерттелінеді;

- студенттердің жеке тұлғалық ерекшеліктері зерттелінеді(өзін – өзі бағалауы, топ ішіндегі мәртебесі, эмоционалдық күйі);

- топ жетекшілерден сауалнама алынып, шағым түскен студенттердің жекелік ерекшеліктері зерттелініп, жеке түзете дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады;

- «педагог студент көзімен» тақырыптарында студенттердің арнайы пәндерге көзқарасын, қатынасын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнамалар: «Мен кіммін?» ,«Мен қандаймын?» тақырыбында мінез – құлқында қиындықтары бар студенттермен тренингтік жаттығулар жүргізіледі;

- қарым – қатынас қалыптастыруға арналған коррекциялық жұмыстар ұйымдастырылып, «Біз бір командамыз» тренингі өткізіледі;

- үнемі жастардың алдында тұрған проблемалары бойынша топтық және жеке кеңестер

беріліп отырады. Колледж психологының негізгі мақсаты төмендегі даналы сөзбен айқындалады:

«Сырыңды айт – мен сақтаймын,

Үлгіңді көрсет – мен ұмытпаймын,

Жұмылдыр мені – мен ұғамын».

Колледж психологының атқаратын жұмысының мазмұны:

Басты ережелері:

1. Колледж психологы тікелей колледж директорына бағынады.
2. Оқыту мен тәрбие үрдісінде білімгерлердің психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық дұрыс қалыптасуына сай өзінің кәсіби әрекетін бағыттап отырады.
3. Жасөспірім шақтағы студенттердің кәсіби өзін – өзі айқындауына көмек көрсетіп, бақылау жасайды.
4. Колледж психологы әр түрлі көмекшараларының тиімдісін таңдап ала отырып, тұлғаның дамуына сай факторларды іріктеп алады.
5. Нақты мәселеге байланысты шешім қабылдап, кәсіби біліктілік шеңберіне сай көмек көрсетеді.
6. Психология ғылымының түрлі салаларындағы (әлеуметтік , жас өспірімдік, практикалық, педагогикалық) жаңалықтарды біле отырып, диагностикалық әдістерді өз жұмысына пайдалана алады.
7. Кәсіби құпияны сақтай біледі.

Міндеті:

Келесі бағыттарда алғашқы көмек шарасын ұйымдастырады:
Колледж әкімшілігі мен пән оқытушыларына кәсіби кеңес беру;
Зерттеу бағдарламасына сәйкес, педагогикалық кеңеске есеп беру;
Студенттердің танымдық әрекет ерекшеліктерін диагностикалау;
Эмоцианалды – еріктік көңіл – күйін бақылау;
Колледж педагогтарына психологиялық ағарту жұмыстарын өткізу.

Колледж психологының жұмыс істеу тәртібі:

Білім беру жүйесінде колледж психологының жұмыс жүктемесі аптасына 36 сағатты.
Оның ішінде:

Диагностикалық, ағартушылық, кеңес беру бағытындағы жекелей және топтық іс – әрекетіне 18 сағат аптасына жұмсайды.

Әдістемелік әдебиеттермен айналысуға және кітапханамен жұмысына, өз біліктілігін жетілдіруге 9 сағат аптасына жұмсайды.

Алынған тест нәтижелерін өңдеу мен есеп беру құжаттарын дайындауға қалған уақытын жұмсайды.

Колледж психологының құқығы:

Колледж әкімшілігімен, студенттермен және ата – аналармен жұмыс істеу формасын, кезегің таңдау.

Топтық және жекелей психологиялық зерттеу бағдарламасын жасау.

Зерттеу нәтижесіне есеп беру.

Колледж психологы жауапты:

Өз зерттеу нәтижесінің дұрыстығына өзі жауап береді.

Пайдаланатын әдебиеттер мен әдістердің сәйкестігіне көңіл бөлу.

Зерттеу хаттамаларын сақтауы тиіс.

Өз жұмысының уақытымен әрі сапалы орындалуына жауапты.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

Психологиялық диагностика -

Мақсаты: тұлғаның, педагогикалық ұжымның жеке және жас ерекшеліктерін, сондайақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу

Психологиялық профилактика –

Мақсаты: тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту

Психологиялық кеңес жүргізу, кәсіби кеңес жүргізу –

Мақсаты: педагогикалық үдерістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық білімді көтеру –

Мақсаты: педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері:

- Тұлғаны табысты оқыту, дамыту, әрі оның әлеуметтенуі мен кәсіби қалыптасу үшін психологиялық жағдайлар жасау
- Оқу – тәрбие үрдісі субъектілерінің арасындағы өзара түсіністікпен өзара әрекеттестікті нығайтуға жағдай жасау
- Білім алушылардың әлеуметтік маңызды тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін жеке қызуғушылықтар мен қажеттілікті дамыту
- Колледждегі оқу үрдісі мен тәрбие жұмысын жетілдіру мақсатында психологиялық зерттеулер жүргізу
- Білім алушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата – аналар арасында кеңестік – ағартушылық жұмыстарын жүргізу
- Білім алушылар, педагогтар, ата – аналар арасында салауатты өмір салтын үгіттеу және алдын – алу жұмыстарын жүргізу

№	Іс – әрекет және жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
Диагностикалық жұмыс			
1	2022 -2023 оқу жылына қабылданған студенттер құрамының әлеуметтік – психологиялық бейімделуін анықтау (1 курс) «Бейімделу анкетасы»	Қыркүйек, қазан	Психолог, топ жетекшілері
2	Ата – ананың қамқорлығынсыз қалған және жетім, мүгедек студенттерге психологиялық көмек көрсету, сауалнама, жеке кеңес беру	Жыл бойы	Психолог
3	Темперамент (1-3 курс) Өзін – өзі бағалауды анықтау деңгейі: Тұлғаның өзін – өзі бағалауды анықтау сауалнамасы	Қазан - Қараша	Психолог
4	Оқу мотивациясы (4 курс) Мазасыздану деңгейін анықтау әдістемесі	Қараша	Психолог
5	Тұлғаның есірткіге қарсы тұрақтылығын – психологиялық денсаулығының деңгейін колледж медбикесі арқылы анықтау	Жыл бойы	Психолог, медбике
6	Қарым – қатынас деңгейін бағалау әдістемесі бойынша В.Ф.Ряховскийдің тесті	Желтоқсан	Психолог , топ жетекшілері
Ата – аналармен жұмыс			
7	Ата – аналар жиналысына қатысу, «1 курс студенттердің жаңа өмір жағдайларына бейімделуі» тақырыбында кеңес беру, сауалнама жүргізу	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілер, психолог
Психологиялық кеңес			
8	Колледжде оқу барысында білім алушылардың өздерінің оқулық – кәсіптік іс – әрекеттерін ұйымдастыру бойынша: Өз іс – әрекетінде қалай жоспарлауға болады. Ерікті қалай тәрбиелеуге болады, өз эмоцияларын қалай басқаруға болады.	Жыл бойы	Психолог
9	Ұжымды біріктіруге арналған тренингтік сабақтар	Қараша	Психолог
10	«Коммуникативтік» әлеуметтік – психологиялық тренинг	Желтоқсан	Психолог
11	Студенттер мен педагогтарға арналған кеңестерді ұйымдастыру және өткізу	Жыл бойы	Психолог
12	Бейімдеушілік кезеңінде студенттерге жеке дара көмек көрсету	Жыл бойы	Психолог
13	Студенттердің оқу үрдісін ұйымдастырумен, жарлықтармен, колледждің ішкі тәртіп ережелерімен (құқықтар, міндеттер) қалыптасқан дәстүрлермен және т.б. танысуы	Қаңтар	Психолог
14	Студенттердің эмоционалдық көңіл – күй ерекшеліктерін анықтау барысында (1,2,3,4курс). Сауалнама өткізу, сұхбат жүргізу	Жыл бойы	Психолог
15	Анализ	Маусым	Психолог

I «Жетім және ата – аналардың қарауынсыз қалған студенттердің әлеуметтік бейімдеушілігі» бойынша іс – шаралар жоспары

Мақсаты мен міндеттері:

- Жасөспірімдердің тұлғалық құрылымдарында, жаңа өмір жағдайларына әлеуметтік бейімделушілікке бөгет болатын проблемаларды анықтау және талдау.
- Жасөспірімдерді адамдардың өміріне , басқа адамдармен қарым – қатынастарға психикалық жағдайлар мен ерекшеліктердің әсері туралы және қиын өмірлік жағдайларында психологиялық кеңестер беру мүмкіндіктермен таныстыру.
- Жеке жанжалдарды шешуде және жанжалдық жағдайларда психологиялық көмек көрсету, зиянды ішкі тәртіптерді және білу, толық әлеуметтенілу, өздік іске асыру және тұлғалық өсу мақсатында ішкі резервтерді іздеу және белсендендіру, білім мен мамандықты алуға көмек көрсету.

№	Іс – әрекет және жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жетім студенттердің құжаттарын анықтап, мәліметтерін толықтыру	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, топ жетекшілер
2	Студенттердің тұрғылықты мекен жайы бойынша тексеру жүргізу	Жыл бойы	Топ жетекшілер, психолог
	Студенттер мен педагогтар арасында жағымды қарым – қатынас орнату, тәрбие жұмыстарын жүргізу, жеке психологиялық кеңестер беру	Жыл бойы, өтініштер бойынша	Психолог
3	Жас мамандардың ой өрістерін, өмірге деген көзқарастарын , колледж ұжымына бейімделуін қалыптастыру. (Тренинг өткізу, нұсқаулар, тест сұрақтары, слайд көрсету)	Қаңтар	Психолог, әдіскер
4	Әлеуметтік әлжуаз топтардағы студенттердің диагностикасы: - Жасөспірімдерге арналған колледждегі қоғамдық жұмыстарға тарту үшін коммуникативтік қабілеттерін анықтау	Жыл сауалнама нәтижелері бойынша	Топ жетекшілері, психолог
5	Түзету жұмыстары: - АРТ терапия; - Өңгімелесу; - Бақылау; Эмоционалды күйзелісті, қобалжуды және агрессияны төмендетуге арналған жаттығулармен ойындар топтамасы	Жыл бойы	Психолог

II «Алдын – алу жұмыстары мен салауатты өмір салтын сақтау» бойынша іс – шаралар жоспары

Мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Міндеттері:

- денсаулық жағдайының скринингіне;
- әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге;
- теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге;
- табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;
- денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа;
- өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге;
- денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіруі.

№	Іс – әрекет және жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	Нашақорлықпен дүниежүзілік күрес күніне арналған шаралар	Үнемі	ТДЖО Медбике Психолог
2	Сенбілік пен «Таза бейсенбі» күндері	Мезгіл сайын	Топ жетекшілер
3	Шылым шегу мен нашақорлық профилактикасы	Қараша	ТДЖО Психолог Медбике
4	«Гигиена – денсаулық кепілі» атты кездесу	Ақпан	Медбике
5	Туберкулезбен күресудің дүниежүзілік күні	Жоспар бойынша	ТДЖО Медбике Топ жетекшілер
6	«Пайдалы тағам – денсаулығы мықты ұлт» тақырыбында агитациялық жұмыс	Сәуір	ТДЖО Топ жетекшілер

7	ЖҚТБ мен күресудің дүнежүзілік күні	Жоспар бойынша	ТДЖО Медбике
8	«Денсаулық фестивалі» спорттық іс шаралар	Жоспар бойынша	ТДЖО Дене шынықтыру пән мұғалімі

III «Суицидтің алдын алу» бойынша профилактикалық жоспар

Мақсаты:

- Суицидтің алдын алу профилактикалық іс – шаралар өту арқылы, студенттер арасында суицидті болдырмау жолдарын табу, өмір қиындықтарына төзе білуге, дұрыс шешім шығара білуге, жалпы өмірге деген құштарлығы мен сүйіспеншілігін арттыру.

Негізгі міндеттері:

- Тұлғаның адамгершілік – рухани дамуын қалыптастыру, отбасы құндылығын насихаттау, студенттердің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру;
- Кәмелетке толмағандардың арасында суицидтік мінез – құлықты, қатыгездікті, зорлық – зомбылықтың алдын – алу.
-

№	Іс - шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Арттерапия	Қазан	Психолог
2	Өмір, сен маған қымбатсың! (тренинг)	Қараша	Психолог
3	«Стресс» тренинг	Желтоқсан	Психолог
4	«Өмірге деген құлшыныс» тренинг	Қаңтар	Психолог
5	Өзін- өзі құрметтеу (тренинг)	Ақпан	Психолог
6	«Сенімділікке қадам» тренинг (сабақ – тренинг)	Наурыз	Психолог
7	«Өміріңнің бақытты сәттері» тренинг	Мамыр	Психолог
8	Жылды қорытындылау	Маусым	Психолог

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«БІЛІМ» КӘСІБИ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»
Колледж директоры
_____ Ертаева Ж.А
« ____ » _____ 2022 жыл

***ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ, ПЕДАГОГ –
ПСИХОЛОГ ПЕН КТІЖИ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2022 - 2023 ОҚУ ЖЫЛЫ***

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог – психолог пен КТІЖИ
бірлескен жұмыс жоспары 2022 – 2023 оқу жылы**

№	Іс шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Топ жетекшілер мен педагогтар, ата – аналар арасында кездесу өткізу	Жылына 2 рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
2	Колледждегі қиын және құқық бұзуға бейім білімгерлерді анықтау, есепке алу, қолайсыз отбасыларды анықтау	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
3	Тәрбиесі қиын, сабақтан себепсіз қалатын, қашатын студенттерді анықтау, педагогикалық, құқықтық жұмыстар жүргізу, әлеуметтік тұрғын – жайын анықтау. Ата – аналарымен байланыс жасау	Жүйелі түрде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
4	1-4 курс студенттері арасында «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбындағы дәріс өткізу	Қараша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
5	Колледждегі ерекше назардағы және құқық бұзуға бейім студенттер арасында «Колледж және отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел	Ай сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
6	Колледждегі құқықтық кеңесінің жоспары бойынша іс – шаралар атқару, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға жұмыстар жүргізу	Жүйелі түрде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
7	1-2 курс студенттері арасында «Зиянды әдеттердің өскелең ұрпаққа тигізетін әсері» тақырыбында әңгіме жүргізу	Желтоқсан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
8	«Қиын бала қайдан шығады?» тақырыбында баяндама дайындау	Жылына 2 рет	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
9	Құқық қорғау органдарымен дөңгелек үстел өткізу	Ай сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТІЖИ
10	«Мен кімін? Мен қандаймын?» тақырыбында тренинг өткізу	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог

			КТҰЖИ
11	Жылдық қорытындылау	Маусым	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог КТҰЖИ

Директордың тәрбие ісіндегі орынбасары:

Ақшалова Д.Ж

Педагог – психолог:

Жолымбекова А.С

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«БІЛІМ» КӘСІБИ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

«Бекітемін»
Колледж директоры
_____ Ертаева Ж.А
«___» _____ 2022 жыл

*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен педагог – психологтың
құқық бұзуға бейім студенттерге арналған бірлескен жылдық жұмыс
жоспары
2022 - 2023 ОҚУ ЖЫЛЫ*

Құқық бұзуға бейім студенттерге арналған бірлескен жылдық жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Психологиялық сауалнамалар, тренингтер. Топ жетекшілерінің студенттерге берілетін мінездемелерін жинақтау	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Топ жетекшілер Психолог
2	«Ата – ана ретінде өз баламды түсінемін бе?» ата – аналармен байланыста болу	Жыл бойы	Топ жетекшілер Психолог
3	Жалпы сана – сезімін анықтау мақсатында әр студентпен жеке психологиялық кеңес жүргізу	Жыл бойы	Психолог
4	Колледжішілік есепте тұрған студенттермен «Менің отбасым – менің байлығым» тренинг жүргізу	Қазан	Психолог
5	Тәрбиесі қиын студенттерден «Мен және колледж ережелері» тақырыбында сауалнамалар алу	Қараша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог
6	Топ жетекшілермен «Бала және ата – ана қарым - қатынасы» тақырыбында әңгіме – сұхбат жүргізу	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог
7	Сабақ рейдін ұйымдастыру. Сабаққа кешігетін студенттерге түсіндірме жұмысы жүргізу	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Топ жетекшілер Психолог
8	Топтағы студенттердің қарым – қатынасын зерделеу мақсатында «Социометрия» әдісін қолдану	Қаңтар	Психолог
9	Ата – анамен жұмыс жүргізіп, әлеуметтік – педагогикалық тұрмыс – жағдай актілерін толтыру	Жыл бойы	Топ жетекшілер Психолог
10	«Мінез – құлқы қиын бала қайдан шығады?» тақырыбында топ жетекшілеріне арналған дәріс	Наурыз	
11	Ерекше назардағы студенттермен «Ата – анамен бала қарым – қатынасын нығайту», «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тақырыбында тренинг, сауалнама, кеңестер ұйымдастыру	Сәуір	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог
12	«Мен кімін? Мен қандаймын?» тақырыбында тренинг өткізу	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог
13	Жылды қорытындылау	Маусым	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Психолог

Директордың тәрбие ісіндегі орынбасары:

Ақшалова Д.Ж

Педагог – психолог:

Жолымбекова А.С